

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/DPTH7913>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RABJ1921>

***А. М. Картаева¹, Ж. К. Кайырбаева², А. А. Алимхан³,
Б. Н. Бияров⁴**

^{1,2,3,4}Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Мақалада қазақ тілінің адам мен қоғам байланысуынан туған жаңа салаларының бірі лингвоелтанымдық лексиканың теориялық-әдістемелік негізі З. Н. Никитенко, Е. М. Верещагин, В. Г. Костомаров, К. С. Алдашева, С. Қ. Иманбердиевалардың ғылыми-зерттеу еңбектері негізінде қарастырылып, туристік лексиканың және туристерге ұсынылатын мәтіндердің мазмұны мен құрылымының лингвоелтанымдық табиғаты ашылған. Негізгі бөлімде өлкеге келуші туристер қолданатын Шығыс Қазақстан облысының жер-су атаулары туралы қысқаша баяндалған мәтіндерге танымдық негізде түсініктемелер беріліп, мәдени компонентті тілдік бірліктерге елтану бағыты тұрғысынан талдау жасалып, олардың қолданылу мақсаты мен мазмұны, қызметі сараланған. Өңірдің тарихи-тілдік және географиялық ерекшеліктері сипатталып, тарихи-мәдени нысандарының Қазақстандағы туризмді дамытудағы рөлі айқындалған. Мақалада Шығыс Қазақстан облысының мәдени-тарихи жерлерінің туристік кластерлерге енуі туралы заңнамалық және нормативтік құжаттарға талдау жүргізу; сайттардан ақпараттар жинақтау; туристік мәтіндердің мазмұны мен құрылымын салыстыру, сипаттау; жинақталған ақпаратты жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапқан. Мақаланың қорытынды бөлімінде туристік мәтіндерді құрастырып, шығарушыларға арналып бірнеше ұсыныстар айтылған. Мақала ҚРБЖҒМ Ғылым комитетінің (IRN AR08957132) жобасы аясында жарияланып отыр.

Кілтті сөздер: топоним, лингвоелтаным, туристік лексика, реалия, мәдениетаралық коммуникация.

Кіріспе

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы барысындағы бүгінгі күннің қоғамдық-әлеуметтік контексінде тілдің қызметі мен әлеуетін айқындау мәселесі оны жаңа теориялық-танымдық үрдісте зерттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Осымен байланысты қазақ тіл білімінде тіл арқылы адам санасында қалыптасқан танымдық қорды және тіл арқылы бойға сіңген рухани құндылықтар жүйесін, ұлттық мінез-құлық пен бітім-болмысты зерттеуге бет бұрған қазіргі тіл білімінің антропоэзектік бағыты қалыптасуда.

Қазіргі қазақ қоғамында ұлттық сана жаңғыруы мен ұлттық тұтастықтың дамуын қамтамасыз ететін, рухани күштің арқауын ұстайтын негізгі құралы ұлттық тіл екені қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық сан салалы әрекеттерінде айқындалуда. Бұл жайт тілді зерттеу мәселесінің ғылыми-әдістанымдық негізін жаңаша құруды қажет етуде. Оның негізгі тетігі – ұлттық тілдің ерекшелігін, өзіне тән болмысы мен табиғатын ашу. Басқаша айтқанда, ол – тіл туралы онтологиялық көзқарасты сол тілде сөйлеуші халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихымен, мәдениетімен тығыз байланыста қарау арқылы мәдениетаралық коммуникация актісінде қарым-қатынас күзіреттілігін қамтамасыз ету.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-тәжірибелік және арнайы әдебиеттерге теориялық талдау; Шығыс Қазақстан облысының мәдени-тарихи жерлерінің туристік кластерлерге енуі туралы заңнамалық және нормативтік құжаттарға талдау жүргізу; сайттардан ақпараттар жинақтау; туристік мәтіндердің мазмұны мен құрылымын салыстыру, сипаттау; жинақталған ақпаратты жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

Нәтижелер мен талқылау

Лингвоелтанымдық бағыт – өз бастауын тіл білімі тарихының тереңінен алатын лингвистикалық зерттеулерге сүйеніп, сонымен бірге тіл мен қоғам, тіл мен ұлт, т.б. контекстердің тілдік көріністері ретінде экстралингвистикалық та факторлардың әсерімен жаңа сапада қалыптасушы антрополингвистикалық парадигма. В. фон Гумбольдттің пікірінше, ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар. Сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл [1, 19].

Осыған орай қазіргі лингвистика саласындағы ғылыми ой дамуының жаңа үрдістері оның айқын лингвоелтанымдық бағытын белгілейді. Бұл бағытты лингвоелтанулық деп атаудың себебі, бір жағынан ол тіл мен мәдениеттің арақатынасындағы шешуге болатын мәселелердің әсерінен туындаса, екінші жағынан оқылатын тілге тиісті елдің мәдениетін тығыз

байланыстыра отырып, шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде оқыту негізінде құрылған. Атап айтқанда, сол тілде сөйлеушінің ішкі әлеміне ерекше көңіл бөлу мақсаты тіл білімінің басқа да (философия, тарих, психология, логика, әлеуметтану, этнография, мәдениеттану т.б.) ғылымдармен тоғысуына әкелді. Осының нәтижесіндегі лингвистикалық зерттеулердің тұтастық (интеграциялық) сипаты тілді ұлтпен біртұтас жүйе ретінде айқындайды. Осыған орай лингвоелтанымдық тілдік бірліктердің таңбалануы, мәдени құндылыққа ие болу ерекшелігінің анықталуы адамтанымдық бағыттағы тілдік зерттеулердің өзегіне айналды.

Демек, бұл парадигмаға сай зерттеу нысаны болып табылатын мәдени константаларды екі немесе үш тілде өзара салыстыра отырып, ұлттық нышандарын айқындайтын, сол елдің болмыс-бітімін, халықтың мінез-құлқы мен тұрмыстық ерекшеліктерін ажыратып көрсететін тілдік ұғымдар мен белгілерді зерттеу және оны оқыту лингвоелтанымдық бағыттың негізгі мақсаты болып табылады.

Лингвоелтанымның негізгі нысаны – ел тарихын үйрету емес, керісінше тілді тұтынушының фондық білімі, жалпылай айтсақ өзге ел мәдениеті мен рухани құндылықтары [2, 65].

Лингвоелтанымдық нысандар атауларының төркіні тілдік ортаның дүниетанымы, мәдениеті, тұрмысы мен болмысының тілдегі бейнесі ретінде танылатын уәждерге барып тірелмек. Атаулар уәжділігі туралы академик Ө.Т. Қайдаров былайша тұжырымдайды: «Тарихи уақыттың ұзақ ағымында, тілдік құралдар мен тәсілдер арқылы пайда болған онимдік лексика, өз уәжділігінің терең тамырларымен өзін қалыптастырған халықтың материалдық және рухани мәдениетінің тұңғығына бойлайды» [3, 168].

Тілші-ғалым Ж. А. Манкеева: «...шығыс ойшылдарының, көшпенділер мәдениетінің мәнінде адамның табиғатпен тұтастығына, үйлесіміне ерекше мән берілетіні белгілі. Табиғат, ғарыш батыс мәдениетіне сәйкес әрекет объектісі емес, мәңгілік тіршілік, тұтас дүние деп танылып, адам соның бір бөлшегі ретінде танылады», – дей келе Жерұйық, Қазығұрт сынды атауларды қауымдық тылсым кезеңдердегі көмескі сананың құрылымдары болып табылатын мәдениеттің архетиптеріне жатқызады [4, 89].

Мәдениетті қоғам мен жеке адамның өмірі мен тіршілігі, олардың белгілі тарихи кезеңдегі рухани және материалдық байлықты жасауы арқылы танылатын даму деңгейі ретінде тілмен қатар, әрі өзара байланыста дамитын ұлттық нышандардың көрсеткіші деуге болады.

Лингвоелтаным нысандары: топонимдік реалия – тарихи орныққан жері, аймағы; антропонимдік реалия – жеке адам атауы (ұлы адамдар, қоғам қайраткерлері); этнографиялық реалия – киім-кешек, тамақ, демалыс, ойын, салт-дәстүр, жан-жануар, өсімдік, қоғамдық саяси реалия – үкімет,

әскер, саясат, білім-беру жүйесі, ұрпақ; мәдени реалия – әдебиет, өнер, ақпарат т.б. мақсаты ретінде әлеуметтік, лингвоелтанымдық, педагогикалық, психологиялық мазмұннан тұрады.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асырудағы басым бағыттардың бірі – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясын әзірлеу мақсатында ең алдымен рухани құндылықтарымызды жаңғыртумен қатар, елдегі туризм кластерін дамытуға зор әсерін тигізбек. Қазіргі таңда әр облыс өзінің киелі орындарының тізімін әзірлеп, олардың тарихи-мәдени, тілдік сипатын саралап жатыр [5, 58].

Туристік лексика – күллі ғылымдар терминдерін пайдаланатын пәнаралық ғылым. Шынында да, философ, тілші, мәдениеттанушы, психолог, әлеуметтанушы, тарихшы, географ, биолог, геолог, химик, физик және т.б., бір сөзбен айтқанда, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымының барлық өкілі адам әлемін, оның материалдық, рухани өмірін, қызметін және мәдениетін жан-жақты терең зерделеп білуі үшін бір арнаға тоғысады [6, 76].

Сондықтан, кім адамды зерттесе, кім адамдық қарым-қатынас байлығын мольнан пайдаланғысы келсе, кім адамдарды мәдениетаралық, этносаралық, халықаралық шиеленістерден құтқарғысы келсе, солардың барлығы да тіл тылсымына бойлайтын ғылымның жас, бірақ өте қажетті, көкейкесті саласы, мәдениетаралық коммуникация ғылымымен тығыз байланысты лексиканың туристік тақырыбымен танысқаны абзал. Егер де туристік лексика адамдарға ортақ тіл табысуға мысқалдай да болса септігін тигізіп, тым болмағанда бір шиеленістің алдын алған болса, онда ол текке пайда бола салған ғылым еместігін көрсетеді.

Туризмде түрлі коммуниканттар арасындағы мәдениаралық қатынас ерекше көрініс табатыны белгілі. Туристік мәтіндер – бұл бүгінгі күнде аса кең тараған шетелдік мәдениетті баяндау құралдарының бірі [7, 27]. Түрлі мәдениеттер тоғысында туындайтын тікелей мәдениетаралық диалог кезінде халықаралық қарым-қатынас тілі түріндегі арнайы бір тіл туралы. Ерекше қызығушылық тудыратын туризмнің тұрмыстық лексикасы болып табылады. Бұл – Қазақстанға келген шетелдік туристердің алдынан шығатын көп ұлтты мәдениетке тән тақырыптардың кең спектрі.

Туристердің қолданатын барлық оқу, бағыттаушы, ақпараттық құралдарындағы мәтіндердің түгелі дерлік туристік мәтіндер болып табылады. Туристік мәтіндерге жер-су атауларына байланысты қысқаша баяндалған түсініктемелер де жатады. Шығыс Қазақстан облысына келетін туристер мұндай құралдарды Шығыс Қазақстан облысының туристік ақпараттық орталығынан тегін ала алады немесе toureast.kz сайтынан барлық туристік орталықтар жайлы толық мәліметтерді біле алады.

Қазір технологияның дамыған заманында көптеген адамдардың әлеуметтік желілерді көп қолданатыны айтпаса да түсінікті жайт. Сол секілді туристер де өздеріне қажетті мәліметтерді әр түрлі сайттардан алып, туристік орталықтардың қызметтерін қолдана алады. Сондықтан біз Шығыс Қазақстанға келуші туристер қолданатын мәтіндерге талдау жасауды жөн көрдік.

«Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» жөніндегі жолкөрсеткіш – И. А. Ковшардың құрастыруымен, БҰҰДБ қолдауымен, 2018 жылы «Эко-турлар. Алтайдың ғажайып табиғаты» атауымен басылып шықты. Кітапша қазақ және ағылшын тілінде жазылған 32 беттен, мәтіндер мен суреттерден тұрады. Кітапшада Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің туристік 14 түрлі маршруттары мен инфрақұрылымы (қонақ үйлер, панта шипажайлары, көрнекті жерлері) көрсетілген, карта берілген. Және өлкенің топонимдеріне қысқаша түсінік берілген. Мысалы:

«Қаракөл сарқырамасы, Қаракөл көлі (осы аймақтағы сазан тұқымдас кішкене балық болатын жалғыз көл), ағаш өңдейтін ескі пилорама, «Беловодье» (өзендегі су жаздың бірінші жартысында әкті жерден өткен кезде ақ түске боялатын аудан), Көккөл сарқырамасы (60 м.), молибден-вольфрам кенінің ескі қалдықтары (3000 м. абс., 1968–1954 жж., 500 млн. жылдан астамғы кендер)».

«Шипажай, сарқырама. Рахман қайнары – құрамында радон бар азотты-кремнилі жерасты суларының кен орны. Түрлі көздердің температурасы 39 бастап 40 градусқа дейін ауытқиды. Термальды суларды қозғалыс-қимыл органдарының, омыртқаның, нерв жүйелерінің және терінің түрлі ауруларын емдеуге пайдаланады. Рахман көлі 1760 м. абс. Биіктіктегі өңделген суы мен мұздағы бар тар және терең, ойпатта орналасқан. Суының мөлдірлігі 6 м. Жоғарғы қабаттарының температурасы 16, түбі 4,6 градус».

Бұл кітапша арқылы туристер Алтайдың табиғаты мен ерекшеліктерімен, өзіндік өнімдерімен, туристерге көрсетілетін қажетті қызмет түрлерімен таныса алады. Кітапшада аймақ бойынша жүретін маршруттардың ретімен, ережелерімен берілгені және әр маршрут баратын аймақтардың көрікті жерлерінің атаулары мен анықтамасы екі тілде жазылғаны және суреттер қойылғаны, сонымен қатар келушілерге ғана емес, өз еліміздің тұрғындарына да көп таныс емес пантымен емдеу жайлы ақпараттың берілгені өте тиімді болған. Кітапшадағы табиғаттың әсем суреттерін көру арқылы туристердің ол жерлерге міндетті түрде барып, өз көзімен көргісі келері анық. Суреттер кәсіби тұрғыда анық, бояуы қанық және ең таңдаулы мекендердің бейнесі көрсетілген. Лингвоелтаным тұрғысынан алғанда кітапшадағы туристік мәтіндер Катонқарағай жайлы қажетті мәліметтерді келтірген.

«Шығыс Қазақстанның ғажайып әлемі» атты суретті анықтама – өлкенің 20 тарихи – мәдени орындардың (Сибина көлі, Көккөл сарқырамасы, Ашутас, Рахман қайнары, Қиын-Керіш, Марқакөл, Алакөл, Қоңыр Әулие үңгірі, Белуха тауы, Үржар, Өскемен, «Қазақстан» тауы, Өскемен қаласы, Ақ-Бауыр, Өскемен, Осиновка асуы, Киелі бұлақ, Зайсан, Риддер, Патшалар алқабы, Қайыңды жыныс орманы) анықтамасы, сәйкесінше сол жерлердің суреттері берілген брошюра «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша әзірленген. Шағын мәтіндер мен суреттер берілген анықтамада Шығыс Қазақстан облысы бойынша келуші туристерді көп қызықтыратын киелі орындар мен туристік орталықтар жайлы мәліметтер жазылған. Анықтамада барлығы тау, көл, сарқырама, мұражай, қорық, аудан, қала туралы жиырма мәтін берілген. Анықтама көлемі шағын, өңірлердің сипаттамалары жеке-жеке қағаздарға жазылған. Қағаздардың бір жағында мәтін берілсе, келесі бөлігінде сол мекеннің үлкен суреті көрсетілген. Анықтама брошюрасын алып жүру ыңғайлы, жеңіл. Кітапшадан мысал келтірсек:

«Көккөл сарқырамасы – Үлкен Көккөл өзенінің сағасында солтүстік-шығыста Рахман қайнарынан 23 км жерде орналасқан. Сол және оң жақ борттардың тармағы мен жартастары бойынша су төмен түспейді, жіңішке «жыланшалармен» ағады. Үлкен биіктіктен құлаған кезде аңғарында ауа иондаушы су шаңы диірмені пайда болады. Күншуақта күндерде сарқырама кемпірқосақтың түрлі түстеріне боялады. Бұл жер туристер арасында танымал. Жыл сайын жүздеген адам Берел мұздығының радиалды маршрутын аяқтаған соң осы жерде бірнеше күн тұрақтайды».

«Киелі бұлақ – Семей маңындағы ескі бекіністің жанында адамдар үш ғасыр бойы ғажайып деп бағалаған, емдік қасиеті бар Киелі бұлақ бар. Бұл жерге аймақтың ғана емес, Қазақстанның өзге де қалаларынан және Ресей мен шет мемлекеттерден көптеген адамдар өздеріне Киелі бұлақтан денсаулық сұрау үшін келеді».

«Қоңыр Әулие үңгірі – Шығыс Қазақстан облысының көлді үңгірінде орналасқан киелі орындарының бірі. Көлдегі су сұйық мұзға ұқсайды. Ежелден бері киелі үңгірге жас жұбайлар өздерінің ұрпақтарының жалғасуын тілеп, дұға етіп келеді. Аңыз бойынша дәл осы көлдің астындағы бір үңгірде Шыңғыс ханның мүрдесі бар көрінеді».

«Қиын-Керіш» - бұл негізінен қызыл түсті саздың эрозиясынан тұратын шөгінділер. Сумен және желмен шайылған саз өте жарқын ландшафты құрайды. Саз өзіндік қайталанбас қызыл, ақ, қызғылт, сары, сарғыш түстерімен ерекшеленеді. Алыстан Қиын-Керіштің қызыл саздары желден жарылған жалын тәрізді болып көрінеді. Сондықтан оны «Жалынды жер» деп те атайды. Ал Қиын-Керіш деген басты атауы «сұлулықтың мақтанышы» деп аударылады. Геологтар Қиын – Керішті бірегей палеонтологиялық ескерткіш

деп санайды, ол 300 гектар жерді алып жатыр. Бұл жануардың ұзындығы үлкен көлемде 20–40 м, салмағы 80 тоннаға тең болған және ауа райының лезде өзгерісіне бейімделген. Ғалымдар Қиын-Керіш шатқалының жасы 15–30 млн. жас деп бағалайды. Құмдағы метаморфоздар Зайсан көлінің жағасына метеориттің құлауы салдарынан болды деген болжам бар».

Туристер көп қолданатын www.visitkazakhstan.kz порталында Шығыс Қазақстан облысы бойынша 8 турфирмаларын, басты туристік орталықтарын және олар жайлы мәліметтерді, карталарды, қонақ үйлер мен тамақтанатын орындарын, келтірген. Портал орыс тілінде қызмет көрсетеді және Қазақстан бойынша барлық туристік орталықтар жайлы ақпараттар жинақталған. Аталмыш сайтта Риддер қаласы туралы төмендегідей ақпарат берілген:

«Риддер қаласы – туристер арасында үлкен қызығушылыққа ие қала. Қазақстанның солтүстік – шығысында, Ивановка жотасының етегінде, теңіз деңгейінен 800 м биіктікте орналасқан қалашықтың тарихы 1786 жылы тау-кен офицері Филипп Риддердің іздеу партиясы Риддер деп атаған бай полиметалл кен орнын ашқан кезден басталады. Риддердің мақтанышы – тіпті тұрғындары ұнтақсыз кір жуатындай жұмсақ суы болып табылады. Су құдығы Громотуха тау өзенінің арнасында әрекет етеді. Батыс Алтай қорығының аумағында, 2000 м биіктікте ең керемет үлгідегі қатып қалған тас мүсіндер бар. Тастардан тұратын мұражай туралы барлық Қазақстанға таралған. Ол «Гас ертегісі» Иванов, Үлбі, Тұрғын, Линеин, Холзун және Көксу жоталары қосылған жерден басталады. Осы жерден көптеген Алтай өзендері бастау алады».

Бұл мәтінде қаланың негізі қаланған кезіндегі тарихы жазылған. Туристік жерлердің тарихы жазылған мәтіндер сирек кездеседі. Егерде біз туристік орындар жайлы жазылған мәтіндер арқылы еліміздің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін танытқымыз келсе, осындай мәтіндер санын арттыруымыз керек. Лингвоелтаным тұрғысынан алғанда осы мәтін арқылы өзге ұлт өкілдері қазақ халқының қаншама тарихи кезеңдерді басынан өткергенін, туристік жерлердің қандай жағдайда қалыптасқандығын біле алады. Қазақтың әр даласы оның мәдениеті мен әдебиетінен, тарихынан, халқының тұрмыс-тіршілігінен сыр шертеді. Әр киелі жер мен далада қазақ халқына қатысты бір тарихи оқиғалар болғаны тарихтан белгілі. Міне сол тарих келешекке өз ізін қалдырып кеткен. Ал біз оны тек тарихшы, зерттеуші, ғалымдарға ғана емес, сонымен қоса қарапайым халыққа да танытуымыз керек. Біздің Шығыс Қазақстан өлкесін сол тарихтар мен оқиғалар арқылы тани алады. Өзге ұлт өкілдері өңірде ертеде болған жайттардан, сол мекенде өмір сүрген атақты адамдар өмірінен хабардар болып, ақпарат ала алса, онда сол жерлерге барып, көруге де қызығушылық танытар еді және де Шығыс Қазақстан дегенде ойларына сол тарих, сол мекен, сол табиғат, сол орын, ойға

оралар еді. Шығыс Қазақстан өңірінің лингвоелтанымдық мәнін түсіндіруде ономастикалық, топонимиялық бағыттағы Б. Н. Бияров, А. А. Алимхан, Ж. Қ. Қайырбаевалардың «Шығыс Қазақстан топонимдерінің этимологиялық сөздігі» [8], А. А. Алимхан, Ж. Қ. Қайырбаевалардың «Шығыс Қазақстан ономастикасы» [9] еңбектерінің де берері мол. Туристерге табиғат, әдебиет, тарих, сәулет өнері жайлы мәтіндер арқылы керемет әсер қалдырады. Туристік орындар тек демалып, ем алып, сауығып кететін жай ғана көмескі тұрғыдағы орын емес, Қазақстанды танытатын, дамыған мемлекет екенін, сәулетті де дәулетті өлке екенін, халқы қонақжай, тарихи, киелі мекен екенін, салт-дәстүрге бай, таулы, нулы, сулы кең жер екенін дәлелдеп, көрсететіндей символға айналуы тиіс. Сонда ғана барып, еліміздің, өлкеміздің туристік әлеуеті де жақсарады және басқа мемлекеттер қатарында да дәрежеміз биік болып тұрады.

Қорытынды

Туристерге арналған өлкенің жер-су атаулары, тарихи-мәдени нысандары бойынша берілген мәтіндерге шолу жасай келе ол мәтіндерге жетіспейтін тұстарды байқадық, соған байланысты туристік мәтіндерді құрастырып, шығарушыларға арналған бірнеше ұсыныстарымыз бар:

1 Туристерге ұсынылатын кітапша, брошюралар мен карталар және сайттардағы мәтіндердің ешбірінде аталып көрсетілген қала, аудан, қорық, саябақ, мұражай, ескерткіш, тау, өзен-көлдердің неге олай аталғаны, атауларының сыры жайлы деректер келтірілмеген. Белгілі бір өлкені таныстыру, ол жерге саяхаттау ең бірінші атынан басталары белгілі. Сол себепті ең бірінші туристік орындардың атауларының этимологиясымен таныстырса, лингвоелтаным тұрғысынан толықтай елді таныта алар едік.

Мысалы: Өлкенің Катонқарағай аталуы қазақ пен қалмақтардың тіліндегі «Котон» сөзінің әсерімен аталған. «Котон» аталуының мәнісі сол – аудан тұрған аймақта осы күнге дейін қалың қопа қарағай бар. Бұл жерді қазақ тілінде де қалмақ тілінде де қатаң атайды. Сондықтан аудан Катонқарағайдың жанында салыныпты деген мағынадан барып географиялық орта әсерінен Катонқарағай аталған. Тіпті осы күндері қазақ ауылдарының қариялары «Котонға» емес «Катонға» барамыз, Катоннан келдім деп айтады. Ал кейін орыс халқының атауымен Котон сөзі Катон болып өзгеріп, Катонқарағай атауының орнына Катонқарағай болып аталып кеткен сияқты.

2 Туристерге арналған жолкөрсеткіш құралдар көбінесе орыс тілінде жазылған, сайттар да орыс, ағылшын тілдерін де ғана қызмет көрсетеді. Лингвоелтаным бағытының бір бөлігі тілге де қатысты. Елімізді өзге ұлттарға танытамыз десек, ең бірінші мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кең болуы керек, бұл тек тұрғындардың сөйлеу тіліне ғана емес, қолданылатын құралдардың жазылу тіліне де қатысты. Шығыс Қазақстанға тек шет елдерден

ғана емес, өзіміздің басқа аймақтарынан да туристер келеді. Ал олар орыс, ағылшын тілдерін жетік білмеуі мүмкін. Сондықтан туристік мәтіндерді барынша үш тілде де жазып, шығаруға тырысу керек.

3 Көптеген туристерге арналған кітапшалар мен анықтама, сайттарда тек қана өңір туралы сипаттама, қызмет көрсетулер ғана жазылған, яғни тек мәтіннен, суреттерден ғана тұрады. Сондықтан мәтіндермен қоса туристік орындарға жету үшін арнайы карта қоса көрсетілсе, ол туристер үшін тиімдірек болушы еді. Себебі кейбір өлкелердің жолкөрсеткіш карталар жоқтың қасы.

Қорыта келе айтарымыз, туристік мәтіндердің лингвоелтанымдық әлеуетінің жоғары деңгейде болғаны туризм саласының, туристік кластерлердің дамуына, сол арқылы ел экономикасының жақсаруына және ең алдымен Қазақстан мемлекетін барша әлемге танытуға, дамыған мемлекеттер қатарына еруге көп мүмкіншілік жасайтыны анық.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Никитенко, З. Н.** Лингвострановедение : учебное пособие [Текст]. – М., 1994. – 387 с.

2 **Әмірбекова, А. Б.** Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар : оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Елтаным, 2011. – 210 б.

3 **Қайдар, Ә.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері : Актуальные вопросы казахского языка [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 1998. - 304 б.

4 **Манкеева, Ж. А.** Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері [Мәтін]. – Алматы : Жібек жолы, 2008. – 356 б.

5 **Верещагин, Е. М., Костомаров, В. Г.** Лингвострановедческая теория слова : учебное пособие [Текст]. – М. : Русский язык, 1980. – 320 с.

6 **Алдашева, К. С.** Лингвоелтаным бағытының теориялық негізі : оқу құралы. 2-ші басылым [Мәтін]. – Алматы : Рауан, 2016. – 410 б.

7 **Иманбердиева, С. Қ.** Лингвоелтанымдық атаулар сыры : оқу құралы [Мәтін]. – Алматы: Мектеп, 2016. – 110 б.

8 **Бияров, Б. Н., Алимхан, А. А., Қайырбаева, Ж. Қ.** Шығыс Қазақстан топонимдерінің этимологиялық сөздігі [Мәтін]. – Өскемен, 2021. – 163 б.

9 **Алимхан, А. А., Қайырбаева, Ж. Қ.** Шығыс Қазақстан ономастикасы : Оқу құралы [Мәтін]. – Өскемен, 2021. – 147 б.

References

- 1 **Nikitenko, Z. N.** Lingvostranovedenie : uchebnoe posobie [Linguistic-regional studies : textbook] [Text]. – Moscow, 1994. – P. 387.
- 2 **Amirbekova, A. B.** Qazaq til bilimindegi jańa baǵyttar : oqý quraly [New directions in Kazakh linguistics: textbook] [Text]. – Almaty : Country, 2011. – P. 210.
- 3 **Qadar Á.** Qazaq tiliniń ózektı máseleleri : Aktýalnye voprosy kazahskogo iazyka [Actual problems of the Kazakh language : Current Issues of the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Ana tili, 1998. – P. 304.
- 4 **Mankeeva, J. A.** Qazaq tilindegi etnomádemı ataýlardyń tanymdyq negizderi [Cognitive bases of ethno-cultural names in the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Zhibek Zholy, 2008. – P. 356.
- 5 **Vereshagin, E. M., Kostomarov, V. G.** Lingvostranovedcheskaya teoria slova : uchebnoe posobie [Linguistic and Cultural Theory of the Word: textbook] [Text]. – Moscow : Russian language, 1980. – P. 320.
- 6 **Aldasheva, K. S.** Lingvoeltanym baǵytynyń teorıalyq negizi: oqý quraly. 2-shi basylım [Theoretical basis of linguistics : textbook. 2nd edition] [Text]. – Almaty : Rauan, 2016. – P. 410.
- 7 **Imanberdieva, S. K.** Lingvoeltanymdyq ataýlar syry : oqý quraly [The secret of linguistic names : textbook] [Text]. – Almaty : School, 2016. – P. 110.
- 8 **Biyarov, B. N., Alimkhan, A. A., Kairbayeva Zh.K.** Shyǵys Qazaqstan toponıderiniń etimologıalyq sózdigi [Etymological Dictionary of toponyms of East Kazakhstan] [Text]. – Ust-Kamenogorsk, 2021. – P. 163.
- 9 **Alimkhan, A. A., Kairbayeva, ZH. K.** Shyǵys Qazaqstan onomastıkasy: Oqý quraly [East Kazakhstan onomastics: textbook] [Text]. – Ust-Kamenogorsk, 2021- P. 147.

Материал 07.12.21 баспаға түсті.

*А. М. Картаева¹, Ж. К. Кайырбаева², А. А. Алимхан³, Б. Н. Бияров⁴

^{1,2,3,4}Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск.

Материал поступил в редакцию 07.12.21.

ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ТОПОНИМОВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье рассмотрена теоретико-методологическая основа лингвострановедческой лексики одного из новых направлений казахского языка, обусловленных связями человека и общества, на основе научно-исследовательских работ З. Н. Никитенко, Е. М. Вережагина, В. Г. Костомарова, К. С. Алдашевой, С. К. Иманбердиевой, раскрыта лингвострановедческая природа содержания и структуры туристской лексики и текстов, предлагаемых туристам. В основной части кратко изложены тексты о топонимов Восточно-Казахстанской области, используемых туристами-посетителями края, даны разъяснения на познавательной основе, проанализирован культурный компонент с точки зрения страноведческой направленности языковых единиц, дифференцированы их назначение и содержание, деятельность. Описаны историко-языковые и географические особенности региона, определена роль историко-культурных объектов в развитии туризма в Казахстане. В статье нашли широкое применение методы и приемы анализа законодательных и нормативных документов о вхождении культурно-исторических мест Восточно-Казахстанской области в туристские кластеры; сбора информации с сайтов; сравнения, описания содержания и структуры туристских текстов; систематизации, обобщения накопленной информации. В заключительной части статьи изложены некоторые рекомендации для создателей и составителей туристских текстов. Статья публикуется в рамках проекта Комитета науки МОН РК (IRN AR08957132).

Ключевые слова: топоним, лингвострановедение, туристическая лексика, реалия, межкультурная коммуникация.

**A. M. Kartaeva*¹, *Zh. K. Kaiyrbayeva*², *A. A. Alimkhan*³, *B. N. Biyarov*⁴

^{1,2,3,4}Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University,

Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.

Material received on 07.12.21.

LINGUISTIC AND CULTURAL CHARACTER OF THE TOPONYMS OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION

The article considers the theoretical and methodological basis of the linguistic and cultural vocabulary of one of the new directions of the Kazakh language, due to the relations of man and society, based on the research works of Z. N. Nikitenko, E. M. Vereshchagin, V. G. Kostomarov, K. S. Aldasheva, S. K. Imanberdieva, reveals the linguistic and cultural nature of the content and structure of tourist vocabulary and texts offered to tourists. The main part summarizes the texts about the toponyms of the East Kazakhstan region used by tourists – visitors of the region, provides explanations on a cognitive basis, analyzes the cultural component from the point of view of the regional orientation of language units, differentiates their purpose and content, activities. The historical, linguistic and geographical features of the region are described, the role of historical and cultural objects in the development of tourism in Kazakhstan is determined. The article has widely used methods and techniques for analyzing legislative and regulatory documents on the entry of cultural and historical sites of the East Kazakhstan region into tourist clusters; collecting information from websites; comparing, describing the content and structure of tourist texts; systematization, generalization of accumulated information. The final part of the article contains some recommendations for the creators and compilers of tourist texts. The article is published as part of the project of the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (IRN AR08957132).

Keywords: toponym, linguistic and country studies, tourist vocabulary, reality, cross-cultural communication.

Теруге 07.12.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

0,99 Мб RAM

Шартты баспа табағы 6,33. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3856

Сдано в набор 07.12.2021 г. Подписано в печать 30.12.2021 г.

Электронное издание

0,99 Мб RAM

Усл. печ. л. 6,33. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3856

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz